

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.1, Ч.1 - Б.59-61

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АРШАЛЫ АУДАНЫ «ПХ АРШАЛЫ» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРДІҢ КӨКТЕМ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАҒДАЙЫНА СИПАТТАМА

*Н.А.Серекпаев¹, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы,
профессор*

А.А.Ногаев¹, PhD, аға оқытушы

Б.А.Ахылбекова², докторант

А.К.Марденова¹, магистрант

¹ «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ, Нур-Султан қ.

² Қазақ Ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

Климаттың өзгеруінен, шамадан тыс мал жаюдан және жайылымдарды жүйесіз басқарудан туындайтын құлдырау үрдістері жергілікті экологиялық проблемалар мен экономикалық қиындықтарға әкеліп қана қоймай, сонымен қатар топырақтың тығыздалуын, экологиялық коллапс нәтижесінде түрлердің жоғалуын, жайылымдағы өсімдіктер тобының ботаникалық құрамының әртүрлілігін жоғалтуға, ал макроөңірлік және жаһандық деңгейде – шаңды осы шалғай аудандардан Шығыс Азияға және тіпті АҚШ-тың Тынық мұхит жағалауына көшіретін көптеген қосымша өңірлік проблемаларды туындатады [1]. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы, мал жаюды мемлекетімізде 2017 жылы қабылданған «Жайылым туралы заң» аясында бекітілген жайылымдарды басқару жоспарлары және «Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы» нормативтерге сай жүргізу болып табылады.

Осыған байланысты 2018-2019 жж. Ақмола облысы Аршалы ауданында маусымдық жайылымдарды тиімді пайдалану және олардың әр кезең бойынша өзгеру динамикасы зерттелді. Ауданның жалпы жер аумағы 5,8 мың км², ал маусымдық жайылымдық жерлер көлемі 286,5 мың га құрайды. Жайылымдарға геоботаникалық зерттеу жүргізуде жайылымдық массаны, яғни шөп оттылығын анықтау экспедициялық жұмыстар кезінде шабындықтар мен жайылымдардың өнімділігін есепке алу әдістемесі бойынша шабу әдісімен жүргізілді. Шикі массаны өлшеу әрбір қайталама алаңда бөлек жүргізілді, содан кейін олар кептіру үшін стандартты дәке қапшықтарына орналастырылды. Әр алаңда шабу алдында Раменский әдісі бойынша жобалық жабынды анықталды [2], ал өсімдіктердің ботаникалық құрамы анықтағыштар бойынша қаралды [3, 4].


Зерттеу жұмыстары ПХ Аршалы ЖШС-нің жайылымдық жерлерінде маусымдық жайылымдарға бөле отырып жүргізілді. Ол жерлер өз ішінен

өсімдіктердің ботаникалық топтарына байланысты контурларға бөлінді. Көктем мезгілінде барлық жайылымдардың барлық контурлары бойынша өсімдіктердің ботаникалық топтарынан көпжылдық астық тұқымдас шөптер басымдылық көрсетті. Көктемгі жайылымның бірінші контурында доминантты болған көпжылдық астық шөптерінен кейін қызғылт уекіре (*Rhaponticum repens*) мен күйдіргі сарғалдақ (*Ranunculus acris*), екінші контурда қызғылт уекіреден (*Rhaponticum repens*) бөлек, Кауфман қандыгүлі (*Pedicularis kaufmannii*) кездесті. Ал жазғы жайылымдарда көпжылдық астық шөптерінен бөлек: 1-контурда ащы сүттіген (*Euphorbia esula*), 2-контурда қызыл беде (*Trifolium rubens*) өсімдіктері анықталды. Күздік жайылымдардың негізгі доминантты өсімдігі таракша еркекшөп (*Arrhenatherum rectum*) болып табылады. Еркекшөптен бөлек кәдімгі бетеге (*Festuca sulcata*), кәдімгі сиякок (*Linaria vulgaris*) және тағы басқа өсімдіктер өте аз үлесте кездесті (сурет 1).



Сурет 1. «ПХ Аршалы» ЖШС жайылымдық жерлерінің көктем кезеңіндегі жер отының ботаникалық құрамы, %

Аталған жайылымдық жерлердің жер оттылығын келесі суреттен көруге болады:



Сурет 2. Маусымдық жайылымдардың жер оттылығы

Көктемгі жайылымның контурлар бойынша орташа жер оттылығы 1,19 т/га болып, барлық маусымдық жайылымдар арасында ең төменгі жер оттылық өнімділігін көрсетті. Жазғы жайылымның контурлар бойынша орташа жер оттылығы көктемгі маусымдық жайылымнан 1,24 т/га артық болды. Ал ең жоғарғы жер оттылық өнімділігін күзгі жайылымдар көрсетті. Бұл күзгі жайылымда себілген еркекшөп доминантты өсімдік болуымен түсіндіріледі.

Аталған деректер жайылымдарды тиімді пайдалануда маңызды шара болып табылатын ғылыми негізделген жайылым айналымдарын жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Veeck, G., Li, Z., Yu, F. The effects of China's environmental protection policies on pasture quality and the activities of small-scale herders in Songpan County, Western Sichuan. *Environ Monit Assess* 187, 368 (2015).
2. Воронов, А.Г. Геоботаника / А.Г. Воронов. М.: Высшая школа, 1973.- 382 б.
3. Фисюнов А.В. Сорные растения- М: Колос, 1984. – 320 б.
4. Дмитриева С.И., Игловиков В.Г., Конюшков Н.С., Раменская В.М. Растения сенокосов и пастбищ. – М.: Колос, 1982.-247 б.